

Д. Беделбаев, 2-курс

Ғылыми жетекші — Р. Б. Калиярова, қылмыстық, қылмыстық-атқару құқығы және криминология кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі, полиция капитаны (Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы)

ЖЫНЫСТЫҚ БОСТАНДЫҚҚА ЖӘНЕ ЖЫНЫСТЫҚ ТИІСПЕУШІЛІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛЫН АЛУ

Қазіргі уақытта әр ата-ана өз балалары үшін уайымдап отырады. Қазақстан Республикасы «педофилизм» қарқынды дамуда. Зорлаушылар — өздерінің сексуалдық белсіндігін қолдана отырып, өзінің күшінің басымдылығын қолданады. «Педофилизм» — ауру, психологиялық бұзушылық. Көптеген сарапшылардың айтуынша бұл ауруды емдеу қиынға соғады. «Педофил» ұғымы заңды емес, медициналық тұрғыда түсіндіріледіⁱ.

АҚШ мемлекетінде Меган заңы арқылы күреседі. Меган заңы 1994 жылы қолданысқа енгізілді. Бұл заңның ерекшелігі кәмелет жасқа толмаған балаларға қарсы сексуалдық сипаттағы әрекет етуші тұлғалар туралы бүкіл ақпаратты ашық түрде ұстайды. Оның аты-жөні, мекен-жайын, түрмеден босатылғаны туралы қоғамға айқын етеді. Меган заңы Федералды деңгейде қарастырылады. Меган заңының міндеті кәмелет жасқа толмаған балаларды зорлаған қылмыскерлерді құқық қорғау органдарына хабарландырады. Олардың жұмыс орнын, тұратын орнын, ауысқан туралы қоғамға газет немесе желі арқылы жеткізіп отырады.

Бұл заңның шығып, қолданысқа енуінің себебі болып 1994 жылғы 29 шілдеде Нью-Джерси штатында 7 жастағы қыз бала Меган Канка көршісінің қолынан зорланып өлтірілуі табылды. Оның ата-анасының айтуы бойынша, егер көршісінің сондай қылмыс үшін сотталғанын білгенде, қыздарының тірі болар екенін айтты. Меган Канканың өлімі үлкен қоғамдық мәселеге айналды. 1994 жылдан бастап Меган заңы шығып, АҚШ мемлекетінің заңына айналды.

Қазіргі уақытта келетін болсақ жыныстық бостандыққа және жыныстық тиіспеушілікке қарсы құқық бұзушылықтар тоқтатылар емес. Статистикаға сүйенетін болсақ. Қазақстан Республикасы 38,2 % өсуде 2015 жылы 33 қылмыс тіркелді. Осы қылмыстың ішінде.

120-бап 3 бөлімі бойынша — 4 іс қозғалды, 121-бап 3 бөлімі бойынша — 5 іс қозғалды, 122-бап бойынша — 20 іс қозғалды, 124-бап бойынша — 4 іс қозғалды.

Германиядағы балалар қорғайтын ұйымның есебі бойынша 80—90 % еркектер қылмыс жасайды. Осы көрсеткіштер бойынша 58 % — отбасы мүшелері, 22 % — таныстар, 10 % — бөтен адамдар қылмыс жасайдыⁱⁱ.

Бас прокурордың айтуынша, Қазақстанда кәмелет жасқа толмаған балалардың сексуалдық мінез көрсетуі кейбір аудандарда үлкен көрсеткіш байқалады. Олар Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан.

Мұндай адамдар кәмелетке толмаған балалардың өмірлеріне балта шабады. Балалардың психологиялық тұрғылары, өмірге деген көзқарасы өзгереді. Көзқарасы бұзылғаннан кейін

қызғушылығы да жоғалады. Олардың ар-намысына, қасындағы жолдастарына бет бұруға шамасы жетпейді. Ішкі дүниесі өзгеріп, қандай да алдына қойған мақсатынан үмітін үзеді. Кім білсін бұндай жағдайға ұшырамағанда алдағы уақытта Қазақстан Республикасы қандайда бір үлес қосатын ба еді. Кейбір балалар емделіп кетуі әбден мүмкін.

Жыныстық бостандыққа және жыныстық тиіспеушілікке қарсы құқық бұзушылық үшін бүкіл аса ауыр жазаларды қолдану керек. Қазақстан Республикасында «химиялық кастрация» күшке енді, алайда «химиялық кастрацияны» емдеуге болады. Ал егер Меган заңын Қазақстан Республикасы қолданса әрбір азамат қасындағы көршісін не танысқан адамды біліп сақ жүрер еді. Сондықтан әр ата-ана өз балаларыңызға сақ болуын айтып ескертіп жүріңіздер!

ⁱ URL: <https://ru.m.wikipedia.org/wiki>

ⁱⁱ URL: <http://prokuror.gov.kz/kaz>